

КӨПҰЛТТЫ КӘСІПОРЫНДАР СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ЗЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫН

ЫҚТИМАЛ БҰЗУЫ БОЙЫНША ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ ТІЗІЛІМ

ECONOMIC
RESEARCH
INSTITUTE
QAZAQSTAN

National
Contact
Point
Qazaqstan

Қазақстанның Ұлттық
байланыс орталығы



OECD

АҚПАРАТТЫ АШУ БОЙЫНША ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

• Кәсіпорынның қаржылық және операциялық нәтижелері туралы, кәсіпорынның мақсаттары, негізгі акцияларды иелену және дауыс беру құқығы, директорлар кеңесінің мүшелері мен негізгі басшыларға сыйақы беру саясаты туралы, сондай-ақ директорлар

кеңесінің мүшелері, байланысты тараптармен мәмілелер, болжанытын тәуекел факторлары, қызметкерлерге және басқа да тиісті мүдделі тараптарға қатысты проблемалар, басқару құрылымдары және саясаттар туралы маңызды ақпаратты ашуға қабілетсіздік.

Қазақстанның Ұлттық байланыс орталығы көпұлтты кәсіпорындар субъектілерінің ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарын ықтимал бұзуының иллюстрациялық тізілімін дайындады. Бұл тізілім таныстыру мақсатында дайындалған және ЭЫДҰ-ның ресми жарияланымы болып табылмайды.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

- Тең немесе теңестірілген еңбек үшін еңбекақы төлеудегі кемсітушілік.
- **Жыныстық, этникалық, діни, саяси** және басқа да аспектілер бойынша кемсітушілік.
- Гендерлік зорлық-зомбылық немесе қысым көрсету, соның ішінде жыныстық қысым көрсету.
- Жергілікті халықтарды анықтай алмау және олар бар жерде және кәсіпорынның қызметі әсер етуі мүмкін жерде олармен дұрыс қарым-қатынас жасау.
- Жобаны жүзеге асырумен байланысты адам құқықтарының ықтимал және нақты салдары туралы құжаттайтын, сөйлейтін немесе басқаша мәлімдейтін азаматтық қоғам мен құқық қорғаушыларға қарсы қуғын-сүргінге қатысу.
- Адамдардың таза суға қол жетімділігін шектеу.



ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ БОЙЫНША ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

- Еңбекшілердің ұжымдық келіс-сөздер мақсаттары үшін өз қалауы бойынша кәсіподақтарды немесе өкілді ұйымдарды құру немесе оларға кіру құқығын сақтамау.
- Жеке немесе жұмыс берушілер қауымдастығы арқылы болсын, жалдау шарттары туралы келісімдерге қол жеткізу үшін осындай өкілдермен сындарлы келіссөздерге қатыса алмау.
- Балалар еңбегін, оның ішінде балалар еңбегінің ең нашар түрлерін пайдалану.
- Нәсіл, тері түсі, жынысы, діні, саяси көзқарастары, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі немесе басқа мәртебесі сияқты белгілері бойынша қызметкерлерді жұмысқа немесе жұмысқа қатысты кемсіту.
- Өндірістік процесс аясында қауіпті заттарды зиянсыз немесе аз қауіпті заттармен алмастыра алмау (мүмкін болған жағдайда).
- Қызметкерлер мен олардың отбасыларының негізгі қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін жалақы төлеу.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫН- ДАҒЫ ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР


• Кәсіпорын қызметі шеңберінде жердің тозуы, су ресурстарының сарқылуы және/немесе тың ормандардың жойылуы және биоәртүрлілік салдарынан экожүйенің тозуы.

• Кәсіпорын өндіретін немесе көрсететін өнімдердегі немесе қызметтердегі биологиялық, химиялық немесе физикалық қауіптердің қауіпті деңгейлері.

• Кәсіпорынның қызметіне байланысты судың, топырақтың, ауаның ластануы (мысалы, ағынды суларды тиісті инфрақұрылымды ескерместен ағызу нәтижесінде).



ПАРАҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ БОПСАЛАУ БОЙЫНША ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАР



- **Мемлекеттік сатып алуға келісімшарттар жасасу үшін мемлекеттік қызметшілерді параға сатып алу.**
- **Қолайлы салық режимін немесе басқа да преференциялық режимді алу** немесе құпия ақпаратқа қол жеткізу мақсатында мемлекеттік лауазымды адамдарды параға сатып алу.
- **Кедендік ресімдеуді алу үшін лауазымды тұлғаларды параға сатып алу.**
- **Рұқсат алу үшін мемлекеттік қызметшілерді параға сатып алу.**
- **Мемлекеттік қызметшілердің пайда үлесін алу** мақсатында мемлекеттік мекемелерге өнімді жоғары бағамен сату.
- **Ережелерді немесе бақылауды елемеу немесе жалтару мақсатында** мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алу.
- **Кәсіпорын бизнесті тиісті бақылаусыз немесе жазбасыз жүргізетін адамдарға сыйлықтар**, түскі ас беру және ойын-сауық ұйымдастыру.
- **Тиісті бақылаусыз немесе жазбасыз іскери серіктестерден** немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалардан сыйлықтар алу.

ТҰТЫНУШЫЛАР МҮДДЕЛЕРІНІҢ ЫҚТИМАЛ БҰЗЫЛУЫ

• Тауарлар мен қызметтер тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, оның ішінде денсаулыққа зиян туралы ескертулер мен қауіпсіздік туралы ақпаратқа қатысты келісілген немесе заңмен талап етілетін барлық стандарттарға сәйкес келмейді.

• Тұтынушыларға баға және қажет болған жағдайда тауарлар мен қызметтердің құрамы, қауіпсіз пайдаланылуы, экологиялық сипаттамалары, техникалық қызмет көрсету, сақтау және қайта өңдеу туралы ақпаратты қоса алғанда, ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға жеткілікті нақты, тексерілетін, дәл ақпарат бере алмай.

• Жалған, жаңылыстыратын, алаяқтық немесе әділетсіз болып табылатын ақпаратты беру немесе жіберіп алу немесе кез келген басқа әрекеттер.





Телеграмм-бот
ERIQ_bot



Телефон
+7 7172 99 99 12



Пошта
ncpkaz@economy.kz

ҰБО, өтініштерді қарау рәсімі туралы ақпаратты және басқа да пайдалы материалдарды мына жерден табуға болады
<http://ncp.economy.kz>
<http://economy.kz>